

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТІЛДІ
Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
№ хаттама « » « » 2025 ж.
факультет деканы _____ Б.Б.Мейірбаев

Пән коды: Ped «Педагогика» пәні бойынша қорытынды емтихан
бағдарламасы

2025-2026 оқу жылы/көктемгі семестр/бакалавриат

Алматы, 2025

Пән атауы: «Педагогика»

Оқытушы: педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Текесбаева А.М.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының отырысында қарастырылып,
ұсынылды
хаттама № « _____ » _____ 2025 ж.

Оқу пәні бойынша қорытынды бақылау формасы– Стандартты, жазбаша (офлайн)
АЖ Univer

Кіріспе

Қорытынды емтихан өткізу формасы:

Қорытынды аттестаттау **жазбаша (офлайн)** емтихан түрінде өткізіледі.

Емтихан билеттері Univer жүйесіне енгізілген сұрақтар бойынша құрастырылады.

Билеттер оқу нәтижелеріне сәйкес келетін 3 сұрақтан тұрады: когнитивтік құзыреттер (білу және түсіну); функционалдық (қолдану және талдау); жүйелік (синтез және бағалау).

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

Жазбаша емтиханның сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және БӨЖ тапсырмалары мазмұны негізінде құрастырылады. Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Емтихан – **жазбаша**. Емтихан форматы- **офлайн**

Тапсыру күні мен уақыты: *емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады*

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады

Қорытынды емтиханда қарастырылатын сұрақтар тізімі:

Емтихан тапсыруға дайындалу үшін тақырыптардың тізбесі мен қысқаша мазмұны

тақырып: Педагогика пәні және оның міндеттері

Педагогика-тәрбие туралы ғылым. Педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Педагогиканың негізгі категориялары. Педагогикалық ғылым және педагогикалық практика.

тақырып: Педагогикалық зерттеу әдістері

Дәстүрлі-педагогикалық әдістер. Педагогикалық эксперимент. Педагогикалық тестілеу. Ұжымды зерттеу әдістері. Педагогикадағы сандық әдістер

тақырып: Дамудың жалпы заңдылықтары

Тұлғаны дамыту процесі. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар. Тұқым қуалаушылық және даму.

тақырып: Дамудың жас және дербес ерекшеліктері

Жас ерекшелік кезеңі. Акселерация. Дамудың әртүрлілігі. Әр түрлі жастағы білім алушыларды тәрбиелеудің ерекшеліктері. Дербес ерекшеліктерді ескеру.

тақырып: Тәрбие мақсаттары

Тәрбие мақсаттары. Қазіргі мектептегі тәрбие мақсаттары. Тәрбие міндеттері. Қазіргі шетелдік педагогикалық тұжырымдамалар.

тақырып: Педагогикалық процесс жүйе ретінде

Педагогикалық процесс жүйе ретінде. Педагогикалық процестің тұтастығы. Педагогикалық үрдістің заңдылықтары. Педагогикалық үдерістің кезеңдері.

тақырып: Педагогикалық инновациялар

Инновациялардың мәні мен бағыты. Инновациялық педагогика. Инновациялық оқу орындары. Педагогикалық жүйені оңтайландыру.

тақырып: Заманауи мектеп мұғалімі

Мұғалімнің функциялары. Мұғалімге қойылатын талаптар. Педагогтың кәсіби әлеуеті. Мұғалімнің шеберлігі. Педагогикалық квалиметрия және мұғалімдерді аттестаттау.

тақырып: Оқу процесі.

Оқу процесінің мәні. Дидактикалық жүйелер және оқыту модельдері. Оқу мақсаттары. Оқу процесінің мазмұны.

тақырып: Оқыту факторлары. Оқу мотивациясы

Дидактикалық принциптер мен факторлар. Дидактикадағы факторлық талдау. Факторлардың кешенді әсері. Мотивтер-білімнің қозғаушы күші. Мотивтерді зерттеу және ақпараттандыру.

тақырып: Оқытудың заңдылықтары, принциптері мен ережелері

Оқыту заңдылықтарын жіктеу. Оқыту қағидалары мен ережелерінің арақатынасы. Дидактикалық принциптер жүйесі.

тақырып: Оқыту әдістері, түрлері және формалары

Оқыту әдістерінің жіктелуі. Оқыту әдістерінің мәні мен мазмұны. Оқытудың түрлері мен формалары. Сабақтың түрлері мен құрылымы. Стандартты емес сабақтар.

тақырып: Оқытудың диагностикасы

Оқыту диагностикасы. Оқушылардың үлгерімін бақылау. Жетістіктер мен дамуды тестілеу. Оқу нәтижесін диагностикалау.

тақырып: Тәрбие процесі. Тәрбие процесінің мәні мен мазмұны

Тәрбие процесінің ерекшеліктері. Тәрбие процесінің диалектикасы. Тәрбие процесінің жүйелері мен құрылымдары. Тәрбие процесінің жалпы заңдылықтары.

тақырып: Тәрбие принциптері. Тәрбиенің жалпы әдістері.

Тәрбие принциптерінің ерекшелігі. Тәрбие әдістері мен тәсілдері. Тәрбие әдістерінің жіктелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. 100 кітап. Аудармашы С.Омарова <https://100kitap.kz/kz>
2. Оқыту теориясы. Аудармашы Б.Мизамхан. <https://100kitap.kz/kz>
3. Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. –Алматы, 2008.-228б.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 1998.Құрманалина Ш.Х., Муканова Б.Ж., Ғалымова А.У., Ильясова Р.К. Педагогика. Оқулық. –Астана: Фолиант,2010.- 649 б.
5. Әбиев Ж.Ә. және т.б. Педагогика: Оқу құралы/Ж.Ә., С.Б.Бабаев, А.М.Құдиярова. – Алматы: Дарын,2004.-448б.
6. Бабаев С.Б. және т.б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы; оқу құралы / С.Б. Бабаев,Ш.Б.Оразов, К.С.Бабаева. -Алматы; 2008.
7. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы.-Алматы: 2007.-413б.
8. Педагогика: дәрістер курсы, Алматы «Print-S», Алматы,2015.-364с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Сағындықұлы Е. Педагогика. Дәрістер курсы. Алматы, 1999.
2. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент. Аудармашылар. С.Зиядин, А.Бергалиева, Г.Әбішева, Г.Жолдасбаева. <https://100kitap.kz/kz>
3. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2014.
4. Маленкова Л.И. Теория и методика воспитания: Учеб.пособие для вузов / Под ред. П.И.Пидкасистого.-2-е изд. -М.: Педагогическое общество России, 2014. -480с.

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шешпе алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
3 сұрақ 40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

